Грек философиясы дүниеге деген детерминистік қатынаспен ерекшеленеді, сол себепті жалғыз Жаратушының бар екенін мойындай алмайды. Ежелгі гректік дүниетанымы бойынша болмыс әуелде хаос түрінде болған, әрмен келе Демирург-Құдай оны жүйелі қалыпқа (космос) келтірген. Арситотель Жаратушы жайлы айтқанда, оны дүниені бар етуші және қозғалысқа келтіруші «Алғашқы түрткі» ретінде сипаттайды. Ислам бойынша, Жаратушы-Аллах бүкіл әлемді бар етуші, болмыстағы барлық құбылыстар мен өзгерістер тек құдайдың еркімен және құдыретімен болады. Аллахтың еркінен тыс ешнәрсе жаратылмайды және ешқандай өзгеріс болмайды. Дәл осылай Аллах үнемі шариаттың қағидалары мен заңдары арқылы дүниені басқарып отырады. Аллах өзін адамның әлеуметтік, рухани, саяси өмірінде тіпті күнделікті тұрмысында танытады.

Жаңа платоншылдықта қалыптасқан «Жалпыға ортақ» ұғымын исламдағы «таухид» («бірқұдайлық») ұғымымен ортақтастыру әрине өте қиын мәселе болған. Неоплатондық «Бірегейлік» ұғымы мұсылмандарға, еврей философтарының ықпалына ұшырап жетті, олар бұл концепцияны еврейлік Торадағы Жалғыз Құдай ұғымымен сабақтастыруға ұмтылған. Әл-Фараби жаңа платоншылдық жолымен жүріп «эманация» теориясын құрастырған. Осы көзқарас тұрғысынан қарасақ, Құдай Платон мен Аристотельдің және неоплатониктердің түсінігінше Бірегей, дүниедегі барлық нәрселер Құдайдан таралады. Демек, Жаратушы өзін және өз болмысын ойлай алатын ақыл-парасат. Ақыл-парасат, ақыл-парасатпен танушы, ақыл-парасат арқылы танылған осы үшеуі тұтас нәрсенің аспектілері, Жаратушының мәні болып табылады. Бір сөзбен айтқанда білім, танушы, танылған нәрсе ортақ болады, ал Жаратушы әр нәрсенің түпкі және жалғыз себепшісі. Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындары туралы» еңбегінде өзінің парасат туралы концепциясын ары қарай дамытып, Жаратушы мен оның жаратылыстарының арасында жеке сана, тұлға мен функцияларға ие аралық күштердің бар екенін атап өткен. Сонымен, осы жолмен әл-Фараби исламдық діни ілім мен философияны үндестіруге ұмтылған. Шындығында әл-Фарабидің эманация туралы концепциясы Аристотельдің мәңгілік әлем концепциясынан көп ерекшеленбеген. Материя толықтай Құдайға тәуелді, бірақ әл-Фарабидің ойынша ол Құдай арқылы жаратылғандықтан, мәңгілік сипатқа ие болуы әбден мүмкін. Эманация теориясының іргелі идеясы бұл – Жаратушының өз болмысын білетіндігі туралы идея. Бұл білім дүниенің жаратылысының түпкі себебі мен алғашқы мақсаты болып табылады. Сонымен, эманация теориясы онтология тұрғысынан алып қарағанда, үздіксіз қызметтің нәтижесі.

Аристотель үшін құдыретті күш – бұл құдайлар немесе жұлдыздарға ұқсас жаратылыстар. Әл-Фараби оларды «жалпыға ортақ ақыл-парасат» деп атайды; ибн Сина оларға ислам дүниетанымына жақын «періштелер» есімін берген.

Әл-Фарабидің айналысқан келесі бір тақырыбы пайғамбарлық болды. Оның ойынша пайғамбарлық ақыл-ойдан тыс құбылыс емес. Бұл қарапайым адам болып табылатын пайғамбардың ақыл-ойдың күшімен ерекше күйге жетуі. Сонымен қатар бұл «жасампаз парасаттың» (а`кл-и мунфа`ил») қызметі. «Файз» – шамадан тыс, яғни ақыл-ойының шамадан тыс қызмет етуінің нәтижесінде пайғамбар адам өткені мен болашақ жайлы мәліметтер береді. Әл-Фараби пайғамбарлықтың құпиясын рационалды түрде түсіндіруге талпынған. Сонымен бірге әл-Фараби пайғамбарларды философтармен байланыстыратынын байқауға болады. Осы философиялық әдіс тұрғысынан, пайғамбар да, философ та «жасампаз парасатпен» «акл-и фа`аль» байланыс орнатуға қабілетті таңдаулы («хаввас») жандар болып табылады. Олардың арасындағы жалғыз айырмашылық бар – философ бұл күйге ой-толғаулар мен теориялық ойлау әдісі арқылы жетеді, ал пайғамбар – қиял күші арқылы.

Әл-Фарабидің ойынша «жасампаз парасатпен» екі түрлі әдіс арқылы байланыс орнатуға болады: жоғарыдан келген ой-толғаулар мен шабыт арқылы. Адамның рухы ұзақ уақыт болмысты ақыл-парасатымен зерттеп, зерделеу арқылы, қоршаған ортадан құдыретті күштің көрінісін танитын күйге жете алады; бұл рухтың «акл-и мустефад» («пайда болған парасат») деңгейіне көтерілуі, яғни адам заттар арасындағы байланысты мінсіз, таза абстрактылы түрде қабылдай алады. Бұл күй тек қана ғалымдар мен философтарға тән, себебі олардың беймәлім нәрсенің сырын ашып, құдыретті күшті тануға қабілеті бар. Ал пайғамбар «жасампаз парасатпен» байланыс орната алатын, шабыт сезімін өткір ақыл мен ерекше зеректілік қасиетімен ұштастыра алатын адам. Жаратушы сыры («вахий») бұл эманация Құдайдан берілген «(құдыретті білімнің) асып-тасуы» («файазан»). Әл-Фараби атап өткендей, кейбір ерекше зерек адамдар, пайғамбар болмаса да, терең сезімдер мен шабыт арқылы осындай қиял күшіне ие болуы мүмкін. Ойшыл осындай адамдар философтар екенін айтады.

Өз теорияларын құрастыруда Аристотельдің түстер концепциясын қолданған Әбу Насыр еңбектеріне көз жүгіртсек, «жасампаз парасат» пайғамбарларға Жаратушы сөзін жеткізетін Жебірейіл періште екенін аңғарамыз. Егер пайғамбар Жебірейіл періштемен ой-қиял арқылы байланысатын болса, философ бұған дұрыс логикалық ойлау тәсілі арқылы және болмысты терең зерделеу арқылы қол жеткізеді. Екеуі де бір жерден нәр алады, бірақ философ материалды әлемді бақылау арқылы сол әлемді Жаратушыны таниды, ал пайғамбар жан тазалығы арқылы материалды әлемнің жаратушылық негізіне көз жеткізеді. Сол себепті әл-Фараби үшін діни ақиқат пен философиялық ақиқат арасында айырмашылық болуы мүмкін емес, өйткені философия да, дін де Жаратушымен байланысты – тек біріншісі ой-толғаулар арқылы, екіншісі қиял арқылы.

Бірқатар философия тарихын зерттеушілер әл-Фарабидің осы идеясын ұсынғанда, ол философтарды пайғамбарлардан жоғары бағалаған деген ой білдіреді. Бірақ, М. Ийсуф пен Корбин бұған қарсы әл-Фарабидің пайғамбар мен Жебірейіл періште арасында байланыс орнатуда міндетті түрде пайғамбарда абстрактылы, философиялық ойлау қабілетінің болуын шарт еткен. Сонымен бірге, мұқият зерттеу барысында әл-Фараби «жасампаз парасат» туралы айтқанда Жебірейіл періштені сілтегені айқын болады. Әл-Фарабидің бұл әдісін діни болып табылатын «періште» ұғымын, ақылмен түсіндіруге тырысқан деп айту қате болар еді; керісінше ойшыл адамға тән ойлау процесінің құдыреттілігін, метафизикалық қасиетін көрсетуге талпынған болар деп айтуымызға болады. Демек, парасат пен періште бір жерден бастау алса, олардың біреуін басым деп айта алмаймыз.

Әл-Фарабидің о дүниелік өмір жайлы ойлары да өте қызық. Әл-Фараби адам өз іс-әрекеттері үшін келесі өмірде сауап алатынын немесе жазаға ұшырайтынын ешқашан жоққа шығармаған. Әл-Фараби адам дүние салған соң, оның рухы азапқа толы немесе рахатқа толы келесі өмірге өтеді деген. Бірақ ол өмір тек рухани болады. Келесі өмірде адамдарға берілетін материалдық, тән сауаптары туралы идеяны әл-Фараби адам парасатының барлық материалдық шектеулерден босап, толық, жетілген парасатқа айналуымен түсіндірген. Кейін бұл көзқарас исламдық «Калям» өкілдерінің наразылығын туындатады, олар қайта тірілту бұл тек қана рухтың емес, сонымен бірге тәннің де қайта тірілуі екенін атап өтеді, бұлай болмаған жағдайда Жаратушының әділеттілік («а`далет») принципі бұзылады, себебі адамның тәні рухы сияқты сауап алу керек, немесе жазалану керек; сонымен бірге адам тек тәні арқылы Жаратушының мейірімділігі мен нығметін танып, оған алғыс айту қажеттілігін сезінеді; рух жалғыз болғанда бұған қабілетсіз.

Әл-Фарабидің келесі бір маңызды идесы – бұл адамзат қоғамын үш категорияға бөлуі: «а`ввам» – қарапайым халық, «мутакаллимдар» – философиялық дәлелдемелер қолданып ой толғаулар жүргізуге қабілетті, білімді діни оқымыстылар мен философтар. «А`ввам» ешқашан философиялық дәлелдемелер арқылы ақиқатты тани алмайды. Олармен тек қарапайым сөз тіркестерін, мысалдарды қолданып сөйлесуге болады. «Мутакаллимдармен» әл-Фарабидің ойынша тіпті тіл табысу қиын, себебі олар тек сөз жаңылыстыру мен жанжалдар жүргізу әдісін қолданады. Философтар бұл топшылауда, ең жоғарғы орынға ие, өйткені олар Ақиқатқа жол бастайтын таңдамалы тұлғалар.

Әл-Фараби философия мен дінді толықтай үндестіре алмады, себебі ол діни мәтіндердің мазмұнынан алшақтағысы келмеген «Калам» өкілдерінен қолдау таппаған эманация теориясын қолданды, бірақ кейбір діни мәселелердің интуитивті-сезімдік түсіндірмелеріне арқа сүйеген бірқатар суфилерден қолдау тапты.

Егер дін мен философияның көздеген мақсаты бір болса (адамды Ақиқатқа жеткізу), дін бұл мақсатты әмбебап, барлық адамдарға түсінікті және Жаратушының өзі қателіктерден қорғаған әдіс арқылы жүзеге асырады.

**Жақыпбек АЛТАЕВ,**
*филос. ғ. д.,*
*философия кафедрасының профессоры*

**Биылғы жылы POSCO Asia Fellowship халықаралық корпорациясы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 10 студентін стипендиямен марапаттады**

# KAZAKHSTAN ESPORTS STUDENT LEAGUE

**Жалғасы. Басы 1-бетте**



Турнирлерге тіркелу 2020 жылдың 2 қазанында ашылады, жүлде қоры 1 млн теңгені құрайды!

Бірінші маусымда жеті университеттің құрамалары: Al-Farabi KazNU UIB, Astana IT University, KBTU, AUES, IITU және Satbayev University қатысады, олар ішкі жарыстардың нәтижелері бойынша қалыптастырылатын болады. Турнирдің екінші маусымынан бастап барлық өзге жоғары оқу орындары үшін National Esports Student Association кіру мүмкіндігі ашылады.

Kazakhstan Esports Student League еліміздегі киберспорт қоғамдастығының дамуына жүйе құраушы серпін береді және көптеген жас таланттарды ашады. «Халық» қайырымдылық қоры мен Қазақстанның Ұлттық Олимпиада комитетінің еліміздің ірі және беделді жоғары оқу орындарын біріктіретін жобадағы бастамасы студенттік ортада олимпиадалық құндылықтарды ілгерілетуге бағытталған және қазіргі заманғы спорт мәдениетін танымал етуге жағдай жасайды.

Ұлттық Олимпиада комитеті мойындаған және ҚР Мәдениет және спорт министрлігі аккредиттеген Qazaq Cybersport Federation-ның қатысуы студенттік командаларға үлкен киберспорт әлеміне жол ашып, турнирлердің жоғары деңгейде ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді. Kazakhstan Esports Student League серіктестері қарқынды танымалдыққа ие болып келе жатқан жастар платформасын қолдай отырып, студенттік аудиторияның Олимпиадалық қозғалысқа деген қызығушылығының артуын, сондай-ақ жас ұрпақтың спорттық іс-шараларға белсенді қатысуын күтуде.

**Өз тілшімізден**

**Өмірдің мәні неде? Бұл сұраққа ойланбаған, ой қозғамаған адам баласы жоқ шығар?! Дегенменде, әр адам баласы бұл ұғымды әр түрлі түсінеді. Біреулер байлық, денсаулық, отбасы, сұлу жар, мансап және түрлі-түрлі жауаптар беруі мүмкін. Әрине, барлығы орынды. Мүмкін бұл сұраққа әр адам өмір жолының әр кезеңінде әр түрлі жауап беретін шығар. Себебі, адамның жасы есейген сайын құндылықтары да өзгереді емес пе?!**

# Өмірдің мәні

Абай атамыз Өмірдің мәні үш сүю деп, оларды былай жіктеген:

1.«Алланы сүю
2. Адамды сүю
3. Әділетті сүю», – деген екен.

Мен де күн өте осы тұжырыммен келісемін. Бүгінде адам баласы үшін ең қажетті құндылық болса, ол имандылық дер едім. Тек жүрегінде иманы бар адам басқаға пайдасын тигізбесе де, зиянын тигізбейді. «Өтейікші біріміздi біріміз өшіктірмей, өкпелетпей сен деспей», – деп өмір сүргенге не жетсін! Шыныменде, айналаңдағы адамдарды сүю, қоғамда маңызды рөл атқарады. Өзінің отбасын, достарын, жақындарын жақсы көріп, қамқорлық танытқан адам бақытты болады. Өмірі айналасына шуақ шашып жүретін адам, басқалардың да махаббаты мен қамқорлығына бөленеді. Мұндай адамдар әрқашан ізгілікке жаны құмар, бақытты жандар. Мен де өзімді осы бақытты жандар қатарына қосар едім. Қазіргі бар арман тілегім ата-анамның үміттеген үмітін ақтау. Бұл да әр перзенттің көңілінде жүрген арманы болар. Мен де осы арманыма жетіп, елімнің елеулі азаматы болуды қалаймын. Халқыма адал қызмет етіп, қоғамға өз пайдамды тигізсем деймін. Міне, мен үшін өмірдің мәні осы...

**Д. ЕРТАЙ,**
*геодезия және картография мамандығының 4-курс студенті*
**Ж. МАЖЕНОВА,**
*картография және геоинформатика кафедрасының аға оқытушысы*



**День образования государственного комитета Республики Казахстан по чрезвычайным ситуациям – профессиональный праздник, который был учрежден в знак признания заслуг всех спасательных служб Казахстана. КазНУ им. аль-Фараби присоединяется к поздравлениям, абсолютно заслуженным нашими доблестными спасателями.**

# С Днем спасателя!



Спасательные службы Казахстана – это и противопожарные службы, и гражданская оборона, и разнообразные аварийно-спасательные службы, и формирования. Они организованы по зонам своей ответственности, обеспечивая безопасность жизнедеятельности граждан нашей страны во всех её уголках.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби – самое крупное высшее учебное заведение страны. В силу этого на его территории концентрируется большое количество людей. Масштаб университета таков, что его учебные корпуса и общежития ВУЗа расположены в нескольких административных районах города Алматы: Ауэзовском, Алмалинском и Бостандыкском районых. Это обстоятельно предъявляет особые требования и повышенное внимание к вопросам безопасности. В силу этого руководство ВУЗа, служба гражданской обороны, охраны труда и техники безопасности, служба инженерного обеспечения университета тесно взаимодействуют как с районными отделами по ЧС, так и с Департаментом по ЧС г. Алматы.

Мы очень признательны представителям отделов ЧС Ауэзовского, Алмалинского и Бостандыкского районов, с которыми нам довелось работать, за их профессионализм и готовность прийти на помощь. В случаях возникновения сложностей в области пожарной безопасности или гражданской обороны мы всегда получали грамотную и квалифицированную консультацию. Кроме того, ДЧС были предоставлены наглядные материалы с целью информирования, как действовать при ЧС (сели, наводнения, землетрясения, пожары и др.), которые были распространены по учебным корпусам и общежитиям университета. Внимание, которое было к нам проявлено в связи с пандемией короновируса, очень нам помогло.

В целях повышения квалификации наши сотрудники проходили обучение в режиме офлайн и онлайн в Республиканском учебно-методическом центре гражданской защиты в г. Алматы. Новые знания очень помогают в организации работы служб университета, за что мы очень благодарны департаменту по ЧС.

Мы восхищаемся самоотверженностью, проявленной спасателями при ликвидации аварий, пожаров и других чрезвычайных ситуаций. О подвигах, совершённых спасателями, написано и сказано много. Однако вспомним, что в огромном числе случаев совершать подвиги спасателей вынуждает чья-то халатность и безответственность.

Главная мысль, которую донесли до нас сотрудники ДЧС, а мы, в свою очередь, своим сотрудникам и посетителям то, что лучший бой тот, который не состоялся. Самый важный подвиг – это ежедневный труд по профилактике чрезвычайных ситуаций, по предотвращению самой возможности возникновения чрезвычайных ситуаций, которые приводят к материальным потерям и человеческим жертвам.

С праздником Вас, дорогие спасатели, и пусть опасности службы Вас не коснутся!

*С уважением,*
*служба гражданской обороны, охраны труда и техники безопасности*
**Арман МАЙМАКОВ,**
**Марат КАДЫРБАЕВ**

**ҚазҰУ-да 15-30 қазан аралығында «Әл-Фараби және қазіргі заман» атты спикерлердің халықаралық онлайн байқауы өтеді**

# Қашықтықтан оқыту мүмкіншіліктері

**Жаһанды жайлаған пандемияның салдары көптеген жағдайларға әсер етіп жатқанын білеміз. Барлық білім беру мекемелері қашықтықтан оқыту жүйесіне көшіп, жаңа технологиялар мен білім беру әдістерін пайдалануда. Қашықтықтан оқыту кезінде университетіміздің студенттері мен оқытушы-профессорлар қауымы үй жағдайында білім алып, жұмыс жасауда. Соған орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспа үйі, оқу жылының басында кітапхана қолданушыларына арнап, KazNUread (ЭКЖ) электронды кітапхана жүйесін іске қосты.**



KazNUread (ЭКЖ) арқылы 4500-нан астам кітаптар мен оқулықтарға, конференция материалдары мен мақалалар жинағын оқи аласыз. Кітапхана жүйесі 42 түрлі бағытты қамтиды, ай сайын 50 түрлі оқу және әдістемелік басылымдар шығарылып отырады. Барлығы тегін әрі пайдалуға ыңғайлы формада жасалған. Кітапхана пайдаланушылары үшін, жаңадан шыққан кітаптар тізімін университетіміздің «Univer» жүйесіне шығарып, хабардар етіп тұрады. Бұның өзі, баспа үйінің қызмет көрсету сапасының жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, еліміздегі ең үлкен университеттік кітапхана – «Әл-Фараби кітапхасының» электронды сайты да қазір студенттерге көмек беруде. Кітапхана қорында шамамен 3 миллион дана кітап бар. Ерекше кітаптардан басқаларын, сайт арқылы онлайн форматта оқуға болады. Android платформасындағы смартфондар үшін «Әл-Фараби кітапханасы» мобильді бағдарламасы құрастырылып, пайдалануға берілді. PlayMarket-тен жүктеп алуға болатын, пайдалануға өте ыңғайлы бағдарлама. Бұл да Әл-Фараби кітапханасының заман талабына сай қызмет көрсету сапасын үздіксіз арттырып жатқанының көрінісі.

Қазіргі заманға сай, әдемі құрастырылған, әр түрлі саланы қамтыған электронды кітапхана тек қана пандемия кезінде ғана емес, болашақта да өзекті болатыны анық. Себебі:

- Кітапханадағы кезекті азайтуға мүмкіндік береді;
- Аз тираждағы кітаптарды электронды форматта оқуға болады;
- Кітапханада ғана емес, кез келген жерден жүйедегі кітаптарға қол жеткізуге болады;
- Кітаптардың санының аз басылып шығуы бір ағаштың болсын өмірін сақтап қалуға көмегін береді.

Физика-техникалық факультетінің, жылуфизика және техникалық физика кафедрасының, стандарттау және сертификаттау мамандығының магистранттары ретінде, «Кайдзен» үздіксіз жақсарту стратегияларының университетімізде қолданылып жатқанына қуаныштымыз. Осы орайда болашақ сапа бақылаушылары ретінде, «Кайдзен» үздіксіз жақсарту принципін негізге ала отырып, кітапхана мен баспа үйіне төмендегідей ұсыныс тастаймыз.

Университетімізде «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша кадрлар дайындап жатқанына байланысты, оқу мақсатында пайдалану үшін, «Ұлттық және мемлекетаралық стандарттарды» кітапхана қорына арнайы органдармен келісім жасасу арқылы қосу, болашақ мамандарды дайындауға көмегін тигізіп, кітапхана қорының тағы бір саланы қамтуына үлес қосатын еді. Қазақстан 2015 жылы Дүниежүзілік Сауда Ұйымына, 2010 жылы Кедендік Одаққа мүше болғанына байланысты нормативтік құжаттамалардың көбісі өзгеріске ұшырады, сол себепті де жаңа талаптарды оқу процесінде пайдалану сапалы мамандарды дайындауға айтарлықтай үлесін қосады. Оқу процесі, ғылыми, дипломдық және диссертациялық жұмыстарды жазуда пайдалану үшін қажетті құжаттар болғандықтан, стандарттарды сатып алу оқытушылар мен білім алушыларға қиындық туғызады. Ал бұл білім сапасына әсерін тигізетін проблема болып табылғандықтан, осы ұсыныс арқылы проблеманы шешуге болады.

Бұл салада білікті кадрлар еліміздегі қандай болмасын мекеме мен өндіріс орындарына ауадай қажет. Отандық өнім мен қызметтің сапасын арттыруға бірге атсалысайық!

**Б. БЕКТІБАЙ,**
*жылуфизика және техникалық физика кафедрасының аға оқытушысы*
**Г. ЖУМАН,** *магистрант*

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының ұйымдастыруымен «Білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу механизмдері тақырыбында Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Саналы ұрпақ» кеңесінің басшысы Қайыржан Ахметбекұлының қатысуымен танымға толы онлайн вебинар өтті.**

## ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ТЕТІКТЕРІ

Кездесуге 80-нен астам студент жастар қатысып, өздерін мазалап жүрген қазіргі кезеңде кездесетін сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашуға бағытталған, олардың салдарын жою және кінәлілерді жауапкершілікке тарту, негізгі принциптерін айқындау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес түрлерін және жоғары оқу орнында кездесетін сыбайлас жемқорлыққа байланысты сауалдарына жауап ала алды.

Вебинар конструктивті пікір алмасу форматында өтті. Қатысушылар сыбайлас жемқорлық бағытында ашық диалог жүргізіп, нәтижелі пікір алмасты.

**Өз тілшімізден**

# ЗАМАН ТАЛАБЫ

**Қашықтықтан оқытудың өзіндік жаңа қырларымен танысып, студенттердің білім алуда жаңа технологияларды пайдалану, яғни, оның ішінде сабақты өтуде қызықты тақырыптар мен қазіргі заманғы актуальды мәселелерді қозғау басты назарда болып отыр.**




Қазақстандағы оқушылар мен студенттердің онлайн білім алудағы жаман жақтарын емес, оның жақсы жақтарын да білуіміз қажет, оның болашақта әрбір азаматқа бір пайдасы тиері сөзсіз. Осыған байланысты жуырда қазақ филологиясы мамандығының 4-курс студенттерімен ағылшын тілінде «Soft және hard skills. Жаңа, бәсекелі замандағы тіл маманының маңыздылығы» атты онлайн ашық кураторлық сағат өткіздік. Ашық кураторлық сабағымыз ZOOM платформасы арқылы, филология және әлем тілдері факультетінің оқытушылары мен студенттерін шақырумен өткізілген болатын. Ашық кураторлық сабақ барысында болашақ түлектеріміздің кәсіби маман ретінде қазіргі еңбек нарығындағы мүмкіндіктері мен бәсекеге қабілеттілік, заман талабына сай туындаған жаңа мамандықтарға икемделу мәселесі көтерілді. Нарықтағы аталмыш «қатты» және «жұмсақ» біліктердің маңыздылығы, сонымен қатар тіл білудің кәсіби актуалдылығы түсіндірілді. Бұл онлайн жиынға осы жылғы факультетімізге жаңадан оқуға түскен бірінші курс студенттері де қатысып, болашақ мамандықтары жайлы бірқатар сұрақтарына жауап алды.

Қазақстан Республикасы бәсекеге қабілетті мемлекет ретінде, оның әрбір азаматтарының Отанымыздың көркеюіне қосқан үлесі өте маңызды. Әсіресе қазіргі уақытта білім жүйесіндегі онлайн форматтағы оқу, яғни шет тілдерін үйрену, басқа мемлекеттердің өнер және мәдениет салаларымен танысудың қол жетімділігі басты назарда. Табысы жоғары және нәтижелі көрсеткіштер алуда ыңғайлы жұмыс іздеу, оған қажетті курстарға қатысу тиімді болып тұр. Ашық кураторлық сабағымызда осы мәселелер қозғалды. Сонымен қатар, таргетолог, SMM мамандары, сату менеджерлерінің тиімді жақтарын, жұмыс істеу барысында тілдің маңыздылығын аңғардық. Сабақ өте қызықты өтті, студенттердің белсенділігі, жоғарғы деңгейдегі дайындығы қуантты. Болашақ жастардың қолында демекші, мақсаттары жоғары, талаптары мол жастардан күтер үмітіміз көп!

**Анар АШИРОВА,**
*Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.к.*

**ЮНЕСКО кафедрасының оқытушы-профессорлық құрамы «Қоршаған ортаны қорғау және «Жасыл даму» саласындағы әлеуметтік серіктестік» тақырыбында онлайн шара өткізді**

# СНИЖЕНИЕ РИСКА БЕДСТВИЙ

**Студенты КазНУ имени аль-Фараби приняли участие в онлайн-мероприятии «Молодежь и Сендай 7», приуроченном к празднованию Международного дня снижения риска бедствий.**



Каждый год стихийные бедствия, связанные с метеорологическими, гидрологическими, тектоническими и климатическими опасными факторами, вызывают значительные потери человеческих жизней и на многие годы отбрасывают экономическое и социальное развитие. По данным ООН, количество стихийных бедствий за последние 20 лет увеличилось в два раза. Большинство людей (более 90%), подвергшихся воздействию стихийных бедствий (2000-2019 гг.), пострадали в результате климатических явлений, включая экстремальные погодные условия, а также от бедствий, вызванных наводнениями, лесными пожарами и землетрясениями. По данным ВОЗ, пандемия COVID-19 на данный момент унесла жизнь более миллиона человек во всем мире. Многие страны оперативно отреагировали на пандемию, но не все страны сумели должным образом включить биологические риски в свои национальные и местные стратегии снижения риска бедствий.

Различные бедствия, вызванные природными и техногенными угрозами, ежегодно затрагивают миллионы людей во всем мире, однако значительная часть их воздействия может быть уменьшена с помощью запланированных и активных мер.

В Казахском национальном университете им. аль-Фараби, на кафедре «ЮНЕСКО по устойчивому развитию», на специальности «Безопасность жизнедеятельности и защита окружающей среды» ведется подготовка студентов в области защиты от стихийных бедствий в соответствии с программами обучения (траектория «Защита в чрезвычайных ситуациях»).

В результате обучения вопросам гражданской защиты студенты должны усвоить все основные понятия, структуру этой системы, ее предназначение и задачи, научиться пользоваться средствами индивидуальной и коллективной защиты. Кроме того, они должны знать, каким образом оповещается население об опасностях, как организуются и проводятся мероприятия по защите людей в условиях чрезвычайных ситуаций. Студенты учатся грамотному принятию инженерных решений в условиях ЧС и ликвидации последствий стихийных бедствий, чтобы применять свои знания в практической деятельности.

Концепция и практика снижения рисков бедствий осуществляется посредством систематических усилий по анализу и снижению причинных факторов бедствий. Обучение студентов снижения рисков бедствий осуществляется не только на лекционных и практических занятиях, они также посещают семинары, конференции, обмениваются опытом, принимают участие в волонтерской деятельности и различных проектах.

Так, в мероприятии на тему «Молодежь и Сендай 7», приуроченном празднованию Международного дня снижения риска бедствий, приняли участие 125 человек, в том числе студенты КазНУ имени аль-Фараби, обучающиеся по специальности «Безопасность жизнедеятельности и защита окружающей среды».

Мероприятие организовали: Бюро ЮНЕСКО в Алматы в партнерстве с Бюро ООН по снижению риска бедствий (UNDRR, CESDRR), Центр по чрезвычайным ситуациям и снижению риска стихийных бедствий (ЦЧССРБ) и Молодежная сеть по снижению риска бедствий и изменению климата (DACRYN).

С докладами выступили: директор Кластерного Бюро ЮНЕСКО в Алматы по Казахстану, Кыргызстану, Таджикистану и Узбекистану Криста Пиккат; представитель Бюро ООН по снижению риска бедствий (БСРБООН), Офис БСРБООН в Брюсселе Себастиан Пензи; директор Центра по чрезвычайным ситуациям и снижению риска стихийных бедствий Жыргалбек Укашев; программный специалист штаб-квартиры ЮНЕСКО Соичиро Ясукава (Париж); региональный координатор программы БСРБ ООН Абдурахим Мухидов; декан Института управления бедствиями и реконструкции (Сычуаньский университет, Китай) Гретчен Калонджи; генеральный секретарь Альянсп U-Inspire (Индонезия) Рахма Ханифа и др.

Международный день снижения риска бедствий (СРБ) проводится ежегодно 13 октября. В этом году праздник посвящен кампании «Молодежь и Сендай 7». На 2015-2030 годы была принята международная Сендайская рамочная программа «Сендай 7», в центре которой находятся семь целей Сендайской рамочной программы. Цель этого года заключается в увеличении числа стран, принявших национальные и местные стратегии снижения риска бедствий.

Как было отмечено в докладах выступающих, на данный момент 192 государства участвуют в компании, люди и сообщества по всему миру работают над снижением подверженности стихийным бедствиям.

Концепция празднования Международного дня снижения риска бедствий 2020 в Центральной Азии направлена на повышение осведомленности, развитие потенциала молодежи и вовлечение ее в науку и политику для СРБ.

Задачи мероприятия: отметить реализацию Сендайской рамочной программы с акцентом на вовлечение молодежи в практику СРБ; обеспечить лучшее понимание СРБ; пояснить роль молодежи и молодых специалистов в качестве действующих лиц в СРБ; поделиться лучшими практиками вовлечения молодежи в СРБ на местном уровне; улучшить осведомленность среди молодежи и молодых специалистов о важности науки для СРБ; повысить интерес молодежи к науке и политике для СРБ в Центральной Азии; «Оперативная стратегия ЮНЕСКО в отношении молодежи на 2014–2021 годы» признает молодежь в качестве равных участников и партнеров в интересах развития и мира, а также в качестве движущей силы перемен, социальных преобразований, построения мира и устойчивого развития.

ЮНЕСКО рассматривает молодежь, студентов, магистрантов и докторантов, изучающих области, связанные с СРБ; а также представителей стран Центральной Азии в качестве партнеров, посредников и действующих лиц в рамках Сендайской рамочной программы. В этом отношении развитие потенциала молодежи является одним из ключевых действий для предупреждения, смягчения последствий и улучшения готовности к бедствиям. Стратегия ЮНЕСКО предусматривает продвижение деятельности молодежи, укрепляет потенциал молодых лидеров и молодежных организаций, а также способствует налаживанию партнерских отношений с ними в рамках программной деятельности.

В заключении мероприятия для участников была организована викторина, посвященная снижению риска бедствий.

Участие в данном мероприятии несомненно послужит толчком для студентов специальности «Безопасность жизнедеятельности и защита окружающей среды» в их активной деятельности по снижению риска бедствий.

**Н. БЕРГЕНЕВА,**
**А. РЫСМАГАМБЕТОВА,**
*преподаватели кафедры «ЮНЕСКО по устойчивому развитию»*



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
**Бас редактор:** Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
**Тілшілер:** Айнұр АҚЫНБАЕВА, Светлана ӘМІРҒАЛЕЕВА
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ
**Корректор:** Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**
Газет редакцияның компьютер орталығында терiлiп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана

- Жарияланған мақалаларда автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшірiлiп басылса, сiлтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген